



Бекітемін
«Мерей» об менгерушісі
Г.Алаева

Aшық сабак

*Тақырыбы: «Жеті лақ ертегісі математика елінде»
«Балбөбек-Төрайым» тобы*

Тәрбиеші: Тилеубердиева А

2022-2023 оку жылы

Тақырыбы: «Жеті лақ ертегісі математика әлеміде»

Ұйымдастырылған іс-әрекет мақсаты: Балалардың білімдерін тиенақтауды жалғастыру. 1-ден 10-ға дейінгі сандарды есептеуге, қосу алу амалдарын орындауға үйретуді жалғастыру. Ертегі желісіне сүйене отырып тапсырмаларды орындау мен қарапайым мысалдарды шешуге үйрету. Сандарга байланысты тақпақтар жаттау, математикалық есептер шығаруды үйрету. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Аңғарымпаздыққа, ептілікке, достыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу.

Пәнаралық қатынас: Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, үйрету, сұрақ-жауап, сергіту сәті, ойын, математикалық жұмбактар.

Көрнекіліктер: Ешкінің бетпердесі, 7 лақпен қасқырдың суреттері, тапсырмалардың үлгілері, сандардың суреттері т.б.

Дидактикалық ойындар: «Жоғалған санды тап». «Санға сәйкес суретті тап?» (үстел үстінде)

Логикалық ойын: «Тез ата»

Нейро жаттығу орынданап шенберге тұру

Шаттық шенбері:

Дөнгеленіп тұрайық

Достық лебізін құрайық

Математикамен дос болыш

Біз көңілді болайық

Балалар көзір жылдың қай мезгілі \Көктем

Бір аптада неше күн бар\7

Кәне кім атайды?

-Тәрбиеші: Балалар есімізге түсіріп көрейікші, біздер қандай ертегілерді білетін едік?

Балалар: - «Екі этеш» ертегі , «Бауырсақ» ертегі , «Тұлкі мен Тырна» ертегі, «Қызыл телпек» ертегі «Қарлығаш пен дәуіт», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ертегілері.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, біздер көп ертегілер білеміз екен. Ендеше балалар, «Жеті лақ» ертегісін есімізге түсірейікші!

-Ертегіде қандай кейінкерлер бар ?

-Ешкі күнде қайда барады екен?

-Қасқыр не істеді?

-Қасқырдың орнында болсандар не істеп шедіңдер?

-Бүгін біз жеті лақ ертегісіне тоқталамыз.

Баяғыда орманда бір ешкі мен жеті лағы өмір сүріпті. Бірде Ешкі орманға лақтарына сүт тاماқ әкелуге жинальшты. Ол кетісімен лақтары үйшіктің есігін іліп алыш, өздері ешқайда шықпайды екен. Ешкі орманнан келген соң, есікті қағып:

Лақтарым, шырақтарым!

Аша қойындар, аша қойындар!

Аналарың келді-

Сендерге сүт әкелді. - деп өлеңдептеді екен.

Ал сол орманда бір ашқөз көюжал қасқыр өмір сүріпті, ол бірде ешкінің лақтарымен қоштасып орманға кетіп бара жатқанын байқап қалады да лақтарды алдамақ болады. Сөйтіп үйшікке жақындал жуан дауысымен ешкінің әнін айта бастайды. Лақтардың ішіндегі бір ақылдысы анасының дауысы еместігін байқап қалады да есік ашпайды. Қасқыр болса ашуланыш ұстаға барып даусын жінішкертіп алады да қайтып оралады. Жінішке дауысымен әндете бастайды. Лақтар аналары екен деп ойлайды. Сөйтіп есікті ашпақ болады. Ал ақылды лақ болса ашпандар бұл біздің анамыз емес дейді. Бірақ оны ешкім тындармайды. Есікті ашып жібереді. Есікті ашқаны сол еді. Қасқыр лақтарға тап беріп ұстап алады да үйіне алыш кетіп жемекші болады. Тек бір лақ қана пештің ішіне тығылыш үлгереді. Біраз уақыттан соң ешкі оралады. Ешкі үйшігін қараса есігі ашық жатыр екен. Пештің ішіне тығылған лақ анасына жүгіріп келіп болған жайтты айтып береді. Ешкі болса лақтарын

іздең Қаскырға келеді. Қаскыр егер менің тапсырмамды орындасандар лақтарды жіберем дейді. Сол ешкі бүтін бізге қонакқа келді балалар.

Ешкі: -Сәлеметсіңдерме балалар! Балалар мен сендерге орманнан келе жатырыны. Мен күнде орманға барып лактарыма сұт, тамак әкелетінмін. Бұгінде орманға барып едім менің орманға кеткенімді пайдаланып қоюкал қасқыр менің лактарымды ұрлап кетіпті жібермеймін дейді. Қасқырдың тапсырмалары бар еken сол тапсырмаларды орындасаң ғана жіберем дейді. «Мерей» балабақшасындағы «Балбек-Төрайым» тобының балалары тапсырмаларды жақсы орындауды дегенді естіп сендерден көмек сұрап келдім. Маған көмектесесіңдерме?

-Балалар біздер ешкіге көмектесіп қасқырдың тапсымаларын орындаімызба?

Балалар: Иә

Тәрбиеші: Ендеңе Ешкі ханым біздің балалар тапсырманы орындағанша сен біздің балалардың касына отырып сәл демалып, біздің балалардың білімін қара.

Тәрбиеші: Балалар біз бір тапсырманы орындасак қасқыр бір лакты босатып отырады екен.
Ендеше балалар Фонарик әдісімен топқа бөлініп алайық

Балалар сендердің алдарында бұлттың суреті бар бұлттың артынан күн шығады кемпір
косақ шығады Солайша екі топқа бөлініп алайық.

1-тапсырма: 1-ден 10ға дейін тұра, көрі санау.

2-тапсырма **Дидактикалық ойын: Жоғалған санды табу.**

Тәрбиеші: Міне балалар біз екі тапсырманы орындаңыз да екі лақты құтқардыңыз. Енді үшінші тапсырманы қарайыңыз.

3-тапсырма: Математикалық жұмбақтар

1 Екі мысықтың қанша құлагы бар (4)

Ал күйрыйы нешесү

*2. Бір алманы 4-ке бөлдім,
Бір бөлігін жеп те көрдім.
Қалған үлкен 3 бөлігін,
Қасымдағы 3 досыма бердім.
Қолымда менің не қалды. (0)*

3. Сыр екеу музі нешеу (4)

4. Агаита төрт күс қонды

Оған тағы екі құс келіп қонды жалпы құс нешеу болды(6)

Тәрбиеші: Балалар міне сендердің көмектерің арқаларында біз уш лақытда құтқардық.

4-тапсырма: СандараЯыры (сандараЯуралы тақпактар)

1. Мені келсе білгің

Мен таяқша бірмін *Саят*

Сандарға жсол баст

Ең бірінші тұрмын.

2. Бірден кейін тұрамын

Бірден кейін тұрағым

Бірді бірге қосқанда

Мен шығамын қарады

3. Екіден соң әрқа

Үшінші мен тұрамын

Қазаза сыйып түсірсе

Екі ирек саламын

Жұп болғанға не жетсін

Төрт дегенің баязы

Төрт түліктің аяғы.

5. Төрттен кейін бесті

Білу оңай десті

Төртеуін бүгін санасан

Жанайым

Табасың оңай бесті

6. «Алақай!» дер келді күн,

Алтыдамын мен бүгін.

Алты жасқа келмекші,

Эсем

Алғы аптада енді кім?!

7. Жазда шөпті шабар,

Қыста тыныш табар.

Шалғы бар әр үйде,

Азамат

Жетіге үқсас бәріде.

8. Сен де, мен де баламыз,

Сегіз санын саламыз.

Сегіз деген екі төрт,

Алинұр

Сегіз жаста ағамыз.

9. Рет-ретімен санасан,

Тогыз саны домалап,

Сегізден кейін келеді.

Айханым

Жіңішке таяқ тірегі.

10. Он, білесің, басы ашық

Тогыздан кейін келеді.

Саусақтарды санап шық,

Айлин


Есебін сол береді!

Тәрбиеші: Міне біз төртінші лақтыда құтқардық, ендеше шамалы бойымызды жазып сергіп алайық.

Сергіту сәті: Мұсін болып қат(балаларға мұсін болып қатуына арнайы суреттер көрсетіледі балалар қымыл жасап орындаиды)

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар сергіп алсақ ендігі тапсырмаларды үстел-үстінде орындаимыз, келе қойыңыздар.

Соедини числа с подходящим количеством предметов.



5-тапсырма: Санға сәйкес суретті тап? (үстел үстінде)

Тәрбиеші: Балалар міне тағы екі лақты құтқардық осымен біз неше лақты құтқарыпсыз, қане санайықшы.

Балалар: 5 лақты құтқардық.

Тәрбиеші: Иә дұрыс айтасындар енді неше лақ қалды екен?

Балалар: бір лақ қалды.

6-тапсырма: «Тез ата»

Шарты: Тәрбиеші доп лақтырып сұрақ қояды, балалар тез жауап беріп допты қайта қайтарады.

1. Аспанда неше күн бар? 1
2. Алма улkenbe, туýme улkenbe? Алма улken.
3. Шаш ұзын ба, қас ұзынба? Шаш ұзын.
4. Кемпірқосақта неше тұс бар? 7
5. Бағдаршамда неше көз бар? 3
6. Адамда неше саусақ бар? 5
7. 5 санының көршілері? 4 пен 6
8. Жұлдыздың неше бұрышы бар? 5
9. Жол ұзын ба, қол ұзын ба? Жол ұзын.
10. Аспанда неше жұлдыз бар? Көп.
11. Көлікте неше доңғалақ бар? 4
12. Қоян жүйрік ne, таспақа жүйрікpe? Қоян
13. Төртбұрыштың неше бұрышы бар? Төрт
14. Сопақшаның неше бұрышы бар? Бұрышы жоқ.
15. Дөңгелектің неше бұрышы бар? Бұрышы жоқ.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар міне біз Ешкі ханымға көмектесіп лақтарын құтқардық.
Біздер неше лақты құтқардық?

Балалар: алты

Тәрбиеші: Неге алтауын құтқардық?

Балалар: Себебі жетінші лақ пештің ішіне тығылып қалды, сосын оны қасқыр алып кеткен жоқ, ол анасының жаңында болды.

Тәрбиеші: Ал Ешкі ханым біздің балақайлар сенің лақтарынды құтқарып қалды.

Ешкі: Балалар менің лақтарымды құтқарып қалғандарың үшін раҳмет сендерге, балалар мен құрғол келген жоқпын сендерге сыйлық ала келдім. (Балаларға сыйлықтарды үлестіріп береді)

Ешкі: Балалар мен лақтарымды алып орманға үйшігіме қайтайын, сендерге көп көп раҳмет! Сау болындар!

Қарытындылау:

- Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді?*
- Ешкі бізге жәйіша келдіма, неге келді?*
- Ал біз лақтарды құтқару үшін қандай тапсырмаларды орындаадық?*
- Балалар сендерге бүгінгі үйымдастырылған оқу қызметі үнадыма?*
- Рахмет.*
- Балаларды мадақтау.*





